

## Кербұлақ ауданы әкімияты резервінің қаржысын пайдалану Ережелерін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімиятының 2003 жылғы 30 мамырдағы № 9 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 6 маусымда № 1184 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 305 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 19.09.2017 № 305 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Занын және Алматы облысы әкімдігінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі "Алматы облысы әкімдігі резервінің қаржысын пайдалану Ережелерін бекіту туралы" № 19 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Кербұлақ ауданы әкімияты резервінің қаржысын пайдалану туралы Ереже бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Н. Эбдіқадыровқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

Кербұлақ ауданы әкімиятының  
2003 жылғы 30 мамыр  
N 9 қаулысымен  
бекітілген

## **Кербұлақ ауданы әкімияты резервінің қаржысын пайдалану ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже Кербұлақ ауданы әкімияты резервінің қаржысын бөлу және пайдалану ретін белгілейді.

### **1. Жалпы ережелер**

#### **1. Осы Ережеде төмендегідей түсініктер пайдаланылады:**

аудан әкімиятының(бұдан әрі - әкімият) резерві дегеніміз тиісті қаржы жылына аудандық бюджетте ескерілген және әкімият қаулысы бойынша біржолғы сипаттағы жоспарланбаған шығыстарды қаржыландыру үшін бөлінген қаражат;

жоспарланбаған шығыстар ағымды қаржы жылына аудандық бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарлауға мүмкін болмаған және ұстіміздегі қаржы жылында сөзсіз қаржыландыруды қажет ететін шығыстар;

әкімияттың және жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеуге арналған әкімият резервінің құрамындағы қаржы - аудан әкімияты резервінің құрамында ескерілген және соттардың шешімімен әкімияттың немесе жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бөлінген қаржы;

әкімият резервінің қаржатын алушы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі.

2. Әкімият резервінің қаржысы есебінен қаржыландырылатын, біржолғы сипаттағы жоспарланбаған шығыстарға келесі шаралар жатады:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, соның ішінде:

- төтенше жағдайлардың туындаудынан зардап шегушілерге материалдық көмек көрсету;

- зардап шеккендер үшін уақытша қоныстану және тамақтану пункттерін ашу және ұстай;

- апаттық-құтқару және апаттық-қалпына келтіру бөлімшелерін құтқару техникалық құралдарымен, жабдықтарымен және құрал-жабдықтарымен қосымша жарақтандыру;

- төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдарды тасымалдауды қамтамасыз ету;

2) соттардың шешімдері бойынша әкімияттың, жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу.

Әкімият резервінің қаржысы басқа шығыстарды қаржыландыруға жолданбайды.

**2. Аудан әкімияты резервінен қаржы бөлу және оны пайдалану тәртібі**

3. Әкімият резервінің қаржысын бөлу осы мақсаттарға тиісті қаржы жылында аудандық бюджеттің шығыстары мен кредит бөлу құрамында бекітілген мөлшері шегінде, әкімияттың алушы, бөлінген қаржы колемі және оларды пайдалану мақсаттары, сондай-ақ қайтару негізінде қаржы бөлінсе оларды беру және қайтару мерзімдері көрсетілген қаулысының негізінде зандарда белгіленген тәртіппен жүргізілетін қаржыландыруды ашу жолымен аудандық қаржы бөлімі жүзеге асырады.

4. Әкімият резервінің қаржысы қатаң түрде мақсатты ұсталады және осы Ережелерде, сондай-ақ аудан әкімиятының резерві қаржы бөлу туралы қаулысында ескерілмеген мұқтаждарға пайдаланылмайды.

5. Экімият резервінен қаржы бөлу туралы қаулыны дайындаған кезде төмендегі шарттар ескеріледі:

1) ағымдағы қаржы жылында аудандық бюджетте қаржының болмауы;

2) әкімият резервінің қаржысына қажеттілік ағымдағы қаржы жылы туындады және оған деген қажеттілік алушының, етken міндеттемелерімен байланысты емес, бұл шарт соттардың шешімдері бойынша әкімияттың және жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу жағдайларынан басқасында.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін қаржы бөлу

6. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған кезде әкімият резервінің қаржысын бөлу туралы қолдау хатты аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы қарайды.

7. Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма, негізгі материалдар мен олардың тізбесін тапсыру тәртібін белгілейді.

8. Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы белгіленген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда бұл шараға қаржы бөлу туралы әкімият қаулысының жобасын аудан әкіміне енгізеді.

4. Сот шешімдері бойынша аудан әкімияттың және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін жабу үшін қаржы бөлу

9. Сот шешімі бойынша аудан әкімияттың және жергілікті мемлекеттік органдарының міндеттемелерін жабуы соттың орындаушылық құжаттары болған жағдайда әкімият резервінің қаржысы есебінен қамтамасыз етіледі.

10. Экімияттың міндеттемелерін жабу үшін әкімият резервінен қаржы бөлу туралы аудан әкімияты қаулыларының жобасын занда белгіленген тәртіппен аудандық қаржы бөлімі әзірлейді.

11. Жергілікті мемлекеттік органдарының міндеттемелерін жабу үшін әкімият резервінен қаржы бөлу туралы аудан әкімдігі қаулыларының жобасын занда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдары әзірлейді.

5. Бақылау жасау және есеп беру

12. Әкімият резервінен қаражат алушылар бөлінген қаражаттың пайдаланылуы, аудандық қаржы бөлімі белгілеген тәртіpte және мерзімдерде, орындалған жұмыстардың көлемдері мен құндары туралы есеп ұсынуы тиіс.

13. Аудандық қаржы бөлімі ай сайын аудан әкімияты мен облыстық қаржы басқармасына әкімият резервінің пайдаланылуы мен қалдықтары туралы ақпарат ұсынады.

14. Экімият резервінен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының зандарында белгілентген тәртіпте оны алушыға жүктеледі.

15. Экімият резервінен қаржыларының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Аудан әкімі

аппаратының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК